

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы

Министерство образования и науки Республики Казахстан
Национальная академия образования им. И.Алтынсарина



ЖАЗҒЫ ТІЛДІК МЕКТЕП БАҒДАРЛАМАСЫ

ПРОГРАММА ЛЕТНЕЙ ЯЗЫКОВОЙ ШКОЛЫ

Астана
2016

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2016 жылғы 17 наурыз № 3 хаттамасы)

Рекомендовано к изданию ученым советом Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол № 3 от 17 марта 2016 года)

Жазғы тілдік мектеп бағдарламасының жобасы. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2016. – 32 б.

Проект программы Летней языковой школы. – Астана: Национальная академия образования им. И. Алтынсарина, 2016. – 32с.

Құжатта жазғы тілдік мектеп бағдарламасы ұсынылған. Бұл бағдарлама білім беру ұйымдарының басшылары мен қызметкерлеріне, білім басқармаларының басшылары мен әдіскерлеріне, филолог мұғалімдерге ұсынылған.

В настоящем документе предложена программа Летней языковой школы. Программа рекомендована руководителям и работникам организаций образования, руководителям и методистам управлений образования, учителям-филологам.

© Национальная академия образования
им. И.Алтынсарина, 2016

© Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім
академиясы, 2016

Түсінік хат

Үштілді білім беруді қалыптастырудың тұрақты үрдісі әлеуметтік субъектілер қарым-қатынасындағы ойлау мен тәлімнің, қатысымдық дағдылар мен толеранттылықтың демократиялық типінің дамуына мүмкіндік береді. Қазақ және орыс тілдерімен қатар ағылшын тілі адамдардың қарым-қатынас, өзара түсіністік пен өзара әрекетінің құралы ретінде, басқа мәдениеттерге тарту және мектеп оқушыларының зияткерлік қабілеттерін дамытудың маңызды құралы ретінде толық көлемде танылатын болды.

Жазғы тілдік мектептерді ұйымдастыру мектеп оқушыларының тілдік дайындығын күшейту қажеттілігінен туындады. Жазғы мектеп аясында оқушыларға өздерінің өзге тілді қарым-қатынасын білім, білік, дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік беріледі, білім алушылардың қатысымдық дағдыларын қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінеді. Жазғы тілдік мектеп үлгісі мектеп оқушыларына қарым-қатынасты ұйымдастырудағы, елтану саласы сынды қарым-қатынас құралы (лексикалық өлшем, грамматикалық формалар және сөз тіркестері, тілдік қарым-қатынас формуласы) ретінде де қолданудағы қосымша ақпараттар алуда шет тілінің практикалық маңызына көз жеткізуіне мүмкіндік береді.

Ұсынылып отырған бағдарлама – жазғы тілдік мектеп жағдайында ағылшын тілін оқыту стратегиялары нұсқасының бірі. Жазғы мектеп оқытушыларына бағдарламаларды, түпнұсқалық материалдарды және оқу процесін ұйымдастырудағы тактикалық мәселелерді шешуде әдістемелік қамтамасыз етуді таңдауда дербестік беріледі.

Тілдік топтарды қалыптастыру үшін оқушыларды саралау ағылшын тілін оқу деңгейі диагностикасы негізінде жүзеге асырылады. Тілдік құзыреттерді бағалау жүйесі тілдік қызметтің төрт түрі арқылы тілді практикалық меңгерудің әр деңгейі бойынша стандартталған талаптарымен қамтамасыз етіледі.

Бағдарлама келесі бөлімдерді құрайды:

1. Жазғы тілдік мектепте үш тілді оқытудың принциптері.
2. Жазғы тілдік мектеп бағдарламаларының мазмұны.
3. Жазғы тілдік мектептің оқыту әдістері мен құралы.
4. Жазғы тілдік мектептегі білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар.
5. Жазғы тілдік мектептегі деңгейлік дайындықты бағалау жүйесі.

Жазғы тілдік мектепте үштілді оқытудың принциптері

Оқушылардың қатысымдық құзыретін қалыптастыру шет тілін оқытудың өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Тілдік орта болмаған жағдайда шет тілі мұғалімінің маңызды міндеті сабақта, сабақтан тыс қызметте шындыққа жақын қарым-қатынас жағдайын құру болып табылады. Тілдік орта жағдайында өзін-өзі танытуға ұмтылатын және әлеуметтік жауапкершілікті сезінуді меңгерген, сыни ойлай білетін, адамзатпен жинақталған рухани және материалдық байлықты бағалайтын; үнемі өзгермелі әлемге сезімтал және оны шығармашылық байытуға қабілетті адамды тәрбиелеуге болады. Тілдік орта тұлғаны ойдағыдай тәрбиелейді, оқушылардың дұрыс әлеуметтенуіне және үнемі өзін-өзі жетілдіруге дайындығын қалыптастыруға әсер етеді. Тілдік орта құраушыларының бірі жазғы тілдік мектеп болып табылады.

Жазғы тілдік мектеп жұмысы уақытында шет тілін оқытумен қатар балалардың белсенді демалысы үшін жағдай жасалады. Ұйымдастырушының міндеті (мұғалім, тәрбиеші) - оқытылатын тақырыпты оқушылардың жеке ерекшеліктерімен тәрбие, білім беру және тұлғаны дамыту міндеттерімен сәйкестендіру. Шет тілі бойынша жазғы тілдік мектеп жұмысының жүйесі жалпы мақсатқа біріккен ұйымдастыру формалары, қызмет әдістері мен түрлерінің өзара байланысы мен өзара әрекетін құрайды.

Жазғы тілдік мектептің мақсаты: қатысымдық құзыретті жетілдіру, шет тілін оқуға уәждемені арттыру және оқушылардың жеке-психологиялық ерекшеліктерін дамыту.

Жазғы тілдік мектептің міндеті:

- балалар мен жасөспірімдердің жас, психофизиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, белсенді, танымдық бос уақытын ұйымдастыру;

- тілдік дайындық деңгейіне сәйкес орта білім беретін мекеме оқушыларының зияткерлік қабілетін дамыту;

- шығармашылық-жобалық және оқу-зерттеулік қызметі аясында білім алушылардың ішкі әлеуетін дамыту;

- оқытылатын тіл елдерінің және туған лингвоэтномәдениет салттары және дәстүрлерімен таныстыру арқылы оқушылардың ой-өрісін кеңейту.

Жазғы тілдік мектеп бағдарламасының мазмұны оның негізгі бағыттарының органикалық бірлігімен жасалады:

- прагматикалық (қатысымдық құзыретті қалыптастыру);

- гносеологиялық (оқушыларға ағылшын тілінде сөйлейтін елдер, әлемдегі және Қазақстандағы оқиғалар, балалар және жастар және т.б. ұйымдар туралы хабарлама);

- аксиологиялық (оқушылардың құндылық бағдары мен қызмет мотивін және т.б. дамыту). Осы бағыттардың өзара әрекеті жазғы тілдік мектеп жұмысы жағдайында тұлғаның әрі қарай дамуына мүмкіндік береді. Жазғы тілдік мектеп жұмысын ұйымдастыру принциптері;

- шет тілін оқытудың өмірлік жағдайлар және оқушылар қызметімен тығыз байланысын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін шындықпен байланыс принципі;

- шет тілдік тілдік материалды оқытуды және қарым-қатынас қызметін (пікірталастар мен дебаттар ұйымдастыру, құрбыларымен шет тілінде хат жазысуларды жүргізу, шет тіліндегі көркем әдебиеттерді оқу, шығармаларды және т.б. драмаландыру) қарастыратын қатысымдық бағыттылық пен белсенділік принципі;

- оқушылардың тілге жаттыққандығы (мәдениетаралық деңгейде ауызша және жазбаша қарым-қатынаста мүмкін болатын тілдік қиындық деңгейін сақтау) деңгейін есепке алу принципі;

- оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеру (оқушылар қызметін олардың психофизиологиялық дамуын ескере отырып перспективалық жоспарлау) принципі;

- ұжымдық, топтық және жеке жұмыс түрлерін сәйкестендіру (ұжымның қызығушылығы және әуестігімен жеке мотиві мен қызығушылығын біріктіру) принципі;

- шет тілдік білім беру қызметін дайындау мен жүзеге асырудағы пәнаралық байланыс (шет тілі және информатика/ химия/ биология/ физика/ мемлекеттік тіл/ ана тілі) принципі.

Жазғы тілдік мектеп бағдарламасының мазмұны

Бұл бағдарламада келесі жағдайлар айқындаушылар болып табылады:

1. Ағылшын тілі курсының міндеттері оқушылардың қатысымдық және танымдық қажеттіліктерімен анықталады.

2. Ағылшын тілі курсының негізгі компоненттері:

– қатысым қызметінің салалары, өзге тілдегі қатынастың сөздік жағдайлары мен тақырыптары;

– қатынас құралдары (лексикалық бірліктер, грамматикалық формалар және құрылымдар, сөздік қатынастың формулалары);

– мазмұны, жанры, стилі жағынан түрлі сипаттағы, әлеуметтік мәдени және лингвистикалық білімі бар мәтіндер;

– тілдік материалды тілдік қызметтің ауызша және жазбаша түрлеріндетуі мен қолдану дағдылары;

– сәйкес сөздік тақырып аясында ауызша және жазбаша өзге тілде қатынас біліктіліктері болып саналады.

3. Әдістемелік мақсатты өзара байланысты спираль түріндегі өсу ұстанымы негізінде біліктіліктерді тілдік қызметтің барлық түрлерінде дамыту, лингвистикалық құбылыстарға олардың формалары, маңызы мен функционалдық маңыздылығы бірлігінде оқыту, түпнұсқалық мәтіндерді пайдалану және білім алушылардың түпнұсқадан оқу мен сөйлеу қызметін қамтамасыз ету.

4. Тілдік материал сөйлеу қызметінің сәйкес түрін іске асыру құралы ретінде қарастырылады, оны іріктеуде функционалдық-қатысымдық тәсіл қолданылады.

5. Оқытушы және оқушылар оқу процесінің белсенді қатысушылары ретінде қарастырылады.

6. Табиғи тілдік орта болмаған жағдайда оқытудың мультимедиялық құралдары негізінде білім берудің тілдік ортасын құру, сондай-ақ оқу процесіне тіл тасымалдаушыларын қатыстыру қажет.

Жазғы тілдік мектептің оқытушыларына бағдарламаны әдістемелік қамтамасыз етуін, түпнұсқалық материалдарды таңдауда және оқу процесін ұйымдастырудағы тактикалық міндеттерді шешуде дербестік беріледі.

Ағылшын тілі курсының мақсаты өзге тілдегі қатысымдық құзыреттілікті, яғни тілге жаттыққандықтың нақты деңгейін ескере отырып мәдениетаралық қатысым жағдайында ағылшын тілінде қатынасты іске асыру қабілетін дамыту болып табылады.

Бұл мақсатқа жетер жол келесі міндеттерді шешуден көрінетін оқытудың аралық мақсаттарымен белгіленуі тиіс:

– психологиялық және практикалық тұрғыдан оқушыларды ағылшын тілін ақпараттың тек сыртқы көзі және өзге тілдегі байланыс құралы ретінде түсінуден ағылшын тілін өз ойын білдіру және басқа адамдардың айтқандарын түсіну мен қолдануға қайта бағдарлау;

– оқушыларды өзге тілде қарым-қатынас жасауға ауызша және жазбаша түрлерде дайындау;

– ағылшын тілін күнделікті қарым-қатынас жағдайларында қолданудыңшынайы мүмкіндіктерін көрсету;

– білім алушыларға ағылшын тілінің әлеуетін олардың тілдік, тілдік ел танушылық және әлеуметтік мәдени құзыреттіліктерін кеңейту көзі ретінде ашып көрсету.

Әрбір күннің тақырыбы балаларды оқытатын тілде өтетін түрлі шараларға қатысуға дайындайды, олардың дамуына ықпал етеді. Жазғы тілдік мектеп тақырыптарының әртүрлілігі сабақтардың материалдарын толықтырады және тереңдетеді, олардың терең игерілуіне әсер етеді, оқушылардың тәжірибесіне сүйене отырып олардың өмірімен байланысты қарастырады.

Шет тілін оқытуда ойын технологияларын кеңінен қолдану жазғы тілдік мектеп бағдарламасы мазмұнының ерекшелігі болып табылады. Әрбір сабақ – бұл мақсаты – балаларға өз күш салуларының нәтижелерін барынша ерте сезінуді түсіндіретін қарым-қатынас сабағы. Сабақтарда қатынастық жағдай жасау үшін әрбір баланың жоғары белсенділігін қолдау үлкен рөл атқарады. *Жазғы тілдік мектеп бағдарламасы* шет тіліне ену әдістемесін, интербелсенді ойындарды, психотренингті қолданады. Бейресми жағдай оқушылардың тілдік кедергілерді жеңуіне ықпал етеді. Бағдарламаны құрастыруда оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеру, сондай-ақ балалардың бос уақытта жұмыспен қамтылуын арттыру, тұлғаны дамыту, кәсіпке ерте бағдарлау қажет.

Жазғы тілдік мектептің мазмұны таңдап алынған тақырыпқа және алға қойылған мақсаттарға байланысты. Сыныптан тыс жұмыс оқушыларда әлеуметтік мәдени құзыреттілік қалыптастыруға және оқытылатын тіл елінің ұлттық-мәдени ерекшеліктеріне толеранттылық қатынасты тәрбиелеуге бағытталуы тиіс.

Білім беру мақсаты салт-дәстүрлерімен, мерекелерімен, көрікті жерлерімен және басқа да елтанушылық шынайылықтарымен танысудан тұрады. Мұнан әрі түрлі жастағы білім алушыларға арналған Жазғы тілдік мектептің бағдарламасы ұсынылады.

1-бағдарлама.

Бағдарлама 20 күнге есептелген. Бағдарламаның көлемі 40 сағатты (күн сайын 4 сағаттан) құрайды. 5-6-сыныптардың оқушыларына арналған.

Әр күннің өз атауы және сәйкес тапсырмалары бар. Сабақ барысында оқушыларға берілген тақырып бойынша жаңа лексиканы жұмыс дәптеріне жазып алу және одан кейін оны өз сөзінде қолдану ұсынылады. Сондай-ақ, балалар сурет сала алады, өз әсерлерін бейнелейді. Екі тілдегі сөздіктерді, Интернет ресурстарын қолдануға рұқсат етіледі. Жазғы мектептің соңында ең үздік дәптер байқауы өткізіледі. Тілдік мектептің бағдарламасы оқушыларды оқытылатын тілде өтетін жалпы мектептік шараларға қатысуға дайындайды, олардың өзін-өзі тануына, өзін-өзі танытуына және өз ойын білдіруіне ықпал етеді. Тілдік мектептің тақырыбы сабақтардың материалдарын тереңдетеді және толықтырады, олардың терең игерілуіне ықпал етеді, өмірмен байланысын қарастырады және оқушылардың қарым-қатынас қажеттілігін ынталандырады. Әр баланың жоғары белсенділігін қолдау үшін сабақтарда

қолайлы қатысымдық жағдайлар жасау қажет.

Осы бағдарламаны жүзеге асыру үшін жасалатын жағдайлар:

- міндетті түрде техникалық және ақпараттық жарақтандырылған шет тілі кабинетінің болуы (компьютер, проектор, интерактивті тақта),

- дидактикалық және әдістемелік материалдардың болуы:

а) сабақ жүргізуге арналған әзірлемелер: схемалар, кестелер;

б) ақпараттық сипаттағы әзірлемелер;

в) бақылауды ұйымдастыруға және оқытудың нәтижелілігін анықтауға арналған әзірлемелер.

Әр күн сәлемдесуден және берілген тақырып (activity) бойынша лексиканы зерделеудің белсенді тәсілдерінен басталады. Лексиканы белсендендіру әртүрлі ойындар, оның ішінде рөлдік ойындар түрінде өтуі тиіс. Күн сайын балалар күн тақырыбына сәйкес тақпақ, өлең немесе пікірлерін жатқа айтады. Күн соңында өз әсерлерін күнделікке жазу ұсынылады. Сондықтан өз көңіл-күйлерін, пікірлерін білдіруді(рефлексия) мүмкіндігінше ағылшын тілінде беру ұсынылады (1-кесте).

1-кесте – 1-бағдарламаның мазмұны

Күн	Күн тақырыбы	Оқушылар қызметі	Нәтижесі
1	Hello, summer.	1. Таныстыру. 2. «Ромашка» ойыны. 3. Өлеңді жатқа айту (мысалға, «If you're happy...») 4. Рефлексия.	Балалар тілдік этикет ережесін сақтай отырып, клишені қолданып бір-бірімен ағылшын тілінде танысады. Өлең топтың (сыныптың) өлеңіне айналуы керек.
2	Тілдік мектеп жарнамасы.	1. Жарнаманы безендіру (газет, журнал, радио бойынша жарнама). 2. Тілдік мектеп маңдайша жазуы. 3. Жарнама жобасын қорғау. 4. Рефлексия.	Балалар компьютер мен Интернет-ресурстарды қолданып топта жұмыс істейді. Әр топ өз жобасын қорғайды. Барлығы бірге тілдік мектептің ең жақсы жарнамасы мен маңдайша жазуын таңдайды.
3	Менің отбасым.	1. «My family» тақырыбы бойынша лексиканы зерделеу. 2. «My family» тақпағы. 3. Суреттер көру. 4. Өз отбасыларын ұсыну.	Монологтық сөз сөйлеу түрінде оқушылар суреттерді қолдана отырып өз отбасыларымен таныстырады. Тақпақты ең жақсы мағлұмдау конкурсы

		5. Рефлексия.	өткізіледі.
4	Менің үйдегі тәрбиеленушілерім.	1. «Murpets» тақырыбы бойынша лексиканы зерделеу. 2. «Зоодүкен» рөлдік ойынында лексиканы белсендіру. 3. «Littlecat» өлеңі. 4. Рефлексия.	Диалогтық сөз сөйлеу түрінде оқушылар оларда үйлерінде қандай жануарлар бар екенін, олар қандай жануарды қалайтынын және не үшін екенін талқылайды.
5	Менің хоббиім.	1. «Myhobby» тақырыбы бойынша лексиканы зерделеу 2. Сөзжұмбақ құрастыру. 3. Диалог құрастыру (Let's dance...) 4. Рефлексия.	Диалогтық сөз сөйлеу түрінде оқушылар бос уақытта немен айналысқанды ұнататынын талқылайды. Бір-біріне қандай да бір істі ұсынады (би билеу, велосипед тебу, футбол және т.б. ойнау) сұхбаттасы келісуі немесе бас тартуы мүмкін.
6	Мектеп жанындағы аймаққа экскурсия (парк, саябақ және т.б.)	1. «Myschoolgarden» тақырыбы бойынша лексиканы зерделеу. 2. Мектеп аймағына экскурсия. 3. Ағылшын тілінде жаңа сөздер іздеу. 4. Рефлексия.	Экскурсия уақытында оқушылар таныс емес сөздерді сөздікке жазады, содан кейін оларды ағылшын тіліне аударады. Лексиканы бекіту үшін «Қарлы жұмаршақ» ойыны қолданылады.
7	Ағылшын тағамы.	1. «Englishmeal» тақырыбы бойынша лексиканы зерделеу. 2. Ағылшын тамақтарының рецепті. 3. Үстел басындағы тәртіп ережесі. 4. «Үстел басында» диалог. 5. Рефлексия	Оқушылар ағылшын тағамдарының рецептісін көшіріп жазады, қазақ/орыс-ағылшын сөздігін пайдаланып рецепті қазақ/орыс тілінен ағылшын тіліне аударады. «Үстел басында» диалогын сахналайды.
8	Қандай да бір тағам әзірлеу	1. Тағам рецептін, оны әзірлеу кезеңдерін зерделеу.	Әр оқушы тағам әзірлеу үшін қажетті өзінің сатып алу парағын

		<p>2. Сатып алу парағын құрастыру.</p> <p>3. «Дүкенде» диалогын құру.</p> <p>4. Тағам әзірлеу.</p> <p>5. Рефлексия.</p>	<p>құрастырады, содан кейін рецептiге сәйкес жалпы тізім құрады. Балалар «Дүкенде» диалогын сахналайды. Тағам әзірлеу іс-әрекеті толығымен ағылшын тілінде түсіндірумен жүреді.</p>
9	Ауа-райы.	<p>1. «Weather» тақырыбы бойынша лексиканы зерделеу.</p> <p>2. Ауа-райы туралы диалог.</p> <p>3. «It's raining» өлеңі.</p> <p>4. «Rain, rain goes to Spain» жаңылпашы.</p> <p>5. Рефлексия.</p>	<p>Лексиканы белсендіру уақытында оқушылар өздеріне қандай ауа-райының ұнайтыны немесе ұнамайтыны, жылдың әр мезгілінде не істей алатындары туралы айтады. Әр бір келесі күн ауа-райы туралы әңгімеден басталады.</p>
10	Үстел ойындары.	<p>1. Ағылшын үстел ойындары, олардың атауы.</p> <p>2. Ойын ережесі.</p> <p>3. Топтағы жұмыс.</p> <p>4. Рефлексия.</p>	<p>Балалар ағылшын ойындарының ережесін үйренеді, олардың ұлттық үстел ойындарымен ара қатынасын белгілейді. Топтағы жұмыс барысында тек ағылшын лексикасын ғана қолданып ойнайды.</p>
11	Ағылшын қозғалыс ойындары.	<p>1. Ағылшын қозғалыс ойындары, олардың атауы</p> <p>2. Ойын ережесі.</p> <p>3. Топтағы жұмыс.</p> <p>4. Рефлексия.</p>	<p>Балалар ағылшын ойындарының ережесін үйренеді, олардың ұлттық қозғалыс ойындарымен ара қатынасын белгілейді. Тек ағылшын лексикасын қолданып, топқа бөлініп ойнайды.</p>
12	Ағылшын фильмдері.	<p>1. «Шрек» фильмін субтитрмен ағылшын тілінде көру.</p> <p>2. Лексикалық ораммен жұмыс.</p> <p>3. Фильмнің бірнеше</p>	<p>Балалар өздеріне танымал фильмді көреді және фильмнің орысша аудармадағы сюжеттерін еске түсіре отырып аудармасын</p>

		көрінісін дыбыстандыру. 4. Рефлексия.	түсінеді. Оқушылар өз қызығушылығы мен тілді меңгеру деңгейіне сүйене отырып дыбыстауға арналған сюжетті таңдайды.
13	Ағылшын өлеңдері.	1. Ағылшын өлеңдері мәтінімен жұмыс. 2. Ағылшын өлеңдері мәтіндерін аудару. 3. А.Рыбактың «FairyTale» өлеңін жаттап алу. 4. Рефлексия.	Оқушылар оларға таныс немесе олардың ұялы телефондарында жазылған ағылшын өлеңдері мәтінін әкеледі.
14	Ағылшын ертегілері.	1. Ағылшын ертегілері мәтінімен жұмыс. 2. Ағылшын ертегілерінің әдебиеттік аудармасы. 3. Рефлексия.	1-тапсырма. Балалар топта жұмыс істейді. Әр топ сөздікті пайдалана отырып ертегіні аударарды. 2-тапсырма. Бір топ сөздікті пайдаланып нақты аударма жасайды. Басқа топ мазмұнын аңғарып мәтінді сөздіксіз аударарды. Содан кейін аудармалар салыстырылады.
15	«ThreeBears» ағылшын ерегісін сахналау.	1. Ертегі мәтінімен жұмыс. 2. Рөлдерді бөлу. 3. Ертегіні сахналау. 4. Рефлексия.	Сахналауға балаларды толық қатыстыру үшін ертегі мәтінін өзгертуге болады. Ертегіні қорытынды концертте сахналауға болады.
16	Ағылшын тақпақтары	1. Ағылшындық танымал ақындар, олардың биографиясы. 2. Ағылшын тақпақтары мәтінімен жұмыс. 3. Ағылшын тақпақтары мәтінін аудару. 4. Ағылшын тақпақтарын мағлұмдау. 5. Рефлексия.	Оқушылар топта ағылшын өлеңдерін аударарды. Өз қызығушылығы мен тілді меңгеру деңгейіне сүйене отырып мәтінді балалар өздері табады.
17	Спорт.	1. «Sport» тақырыбы	Балалар өз

		<p>бойынша лексиканы зерделеу</p> <p>2. Интерактивті ойындардың көмегімен лексикалар жандандырылады.</p> <p>3. Қалалық ойын алаңдарына бару.</p> <p>4. Рефлексия.</p>	<p>күнделіктеріне жаңа лексиканы жазады, Present Progressive қолдана отырып іс-әрекетті имитациялайды, спорттың әр түрі бойынша: олар спорттың қандай түрімен айналысқанды, не үшін қалайтыны туралы өз пікірін білдіреді.</p>
18	Менің туған қалам	<p>1. «MyTown» тақырыбы бойынша лексиканы зерделеу.</p> <p>2. Қала бойынша экскурсия.</p> <p>3. Қала көшесіндегі сұхбаттар.</p> <p>4. Рефлексия.</p>	<p>Экскурсия уақытында оқушылар сұхбаттарды ағылшын тілінде сахналайды, қандай да бір жерге қалай бару керектігін сұрайды, түрлі нысандардың орналасқан жерін түсіндіреді, қаланың көрікті жерлері туралы айтады.</p>
19	Телефонмен сөйлесу.	<p>1. Телефонмен сөйлесудің тілдік этикеті.</p> <p>2. Клише.</p> <p>3. Телефонмен сөйлесуді сахналау.</p> <p>4. Рефлексия.</p>	<p>Оқушылар телефонмен сөйлесу ережесін, әр түрлі диалогтардың (достық, іскерлік) қарым-қатынас мәдениетін зерделейді.</p>
20	Жазғы мектептің жабылуы.	<p>1. Ағылшын тілінде қорытынды концерт.</p> <p>2. Жеңімпаздарды марапаттау.</p> <p>3. Жазғы мектеп қатысушыларына сертификаттар тапсыру.</p> <p>4. Ағылшындық шай ішу.</p>	<p>Жазғы мектептің әр қатысушысы сертификат алады.</p> <p>1. «Жазғы тілдік мектептің ең жақсы күнделігі».</p> <p>2. «Жазғы мектептің ең жақсы актері».</p> <p>3. «Ең жақсы аудармашы».</p> <p>4. «Дербес компьютерді ең жақсы қолданушы» және т.б. номинация жеңімпаздары марапатталады.</p>

2-бағдарлама.

Бағдарлама 20 күнге арналған. Бағдарлама көлемі 40 сағатты құрайды. (күніне 4 сағаттан). 5-6- сыныптардың оқушыларына арналған.

Жазғы тілдік мектептің ұсынылатын тақырыптары

1. Let me introduce myself!
2. Fashion and style
3. What a wonderful world!
4. Bon appétit!
5. Nature and weather
6. Knowledge is power
7. Movie
8. My favorite town! Adventure
9. Around the world
10. The best ...

Жазғы тілдік мектептің 1-ші күні

1-ші күннің тақырыбы: «Танысыңыздар – бұл мен және біздің отбасымыз!»

Сабақтың мақсаты: «Мен және біздің отбасымыз» тақырыбы бойынша лексикалық дағдыларын қалыптастыру.

Міндеттері: 1) тақырып бойынша лексикалық және грамматикалық материалдарды жүйелеу және жинақтау;

2) оқушылардың танымдық және ойлау іс-әрекетін дамыту;

3) топта жұмыс жасау және өзгені тыңдай алу қабілеттерін тәрбиелеу.

Activity 1 10.00-10.40

Icebreaker games (Мұз жарғыш ойыны)

Тілдік мектептің бірінші күні алғашқы сабақты ағылшын тілінде «Танысу» тақырыбындағы ойынмен бастаған жөн. Батыс мәдениетінде мұндай ойындар **Icebreaker games (Мұз жарғыш ойыны)** деп аталады, бұл ойын кез келген бірлескен іс-әрекет тәрізді қатысушылардың бір-бірімен жақсы танысуға және достасуға мүмкіндік береді. (ұялшақтық пен бөгеліп қалушылықтың мұзын ерітіп жібереді).

Game 1. Show your name.

«Есімдер тізбегі» ойынын ағылшын тілінде 3 фразаны үйреніп алып ойнауға болады. Қалай ойнаймыз: Бірінші оқушы өз есімін айтады, екінші оқушы бірінші оқушының есімін қайталап одан кейін өз есімін айтады, үшінші оқушы бірінші, екінші оқушының есімін қайталап, одан кейін өз есімін айтады ... Ойынға ең соңынан мұғалім қатысып, барлық оқушылардың есімдерін атап шығады.

Ойын шын мәнінде қызықты болу үшін әр бала өз есімін айтқанда қызықты қимыл немесе бет-аузын тыржитуды қосу ұсынылады.

Мысалы:

1-оқушы: *My name is Peter* (жөтеледі).

2-оқушы: *His name is Peter* (жөтеледі). *My name is Azamat* (мұрнын

ұстайды).

3-оқушы: *His name is Peter* (жөтеледі). *His name is Azamat* (мұрнын ұстайды). *I am Anne* (бір рет алақанын шапалақтайды).

Одан әрі ойынға бесінші, алтыншы және т.б. қатысады. Әрине, әрбір келесі оқушыға қиындай түседі, бәрінен мұғалімге қиын тиеді, себебі әр оқушының атын атап және оған қимыл көрсету қажет.

Келесі сабақта мұғалім қимылды ғана көрсетіп және барлығы бір-бірінің есімдерін тағы да есте түсіру үшін *What is his/hers name?* сұрайды.

Game 2. What does your name mean?

Тапсырма: Өз есіміңнің бірінші әрпінен басталатын сын есімді есіміңе қосып ата.

My identity card

Photo 

Full name _____

Age _____ years old

Birthday _____

Where do you live?

City _____

Country _____

Who are you? Nationality _____

What do you like? What is your favourite...?



Мысалы: *I am Amazing Anne, I am Energetic Elena, I am Smart Sergey, I am Sunny Svetlana, I am Kind Kyle.*

Activity 2. 10.50-11.30

My identity card.

Бұл тапсырма оқушының сәйкестендіру картасын толтыру және безендіру бойынша жеке жұмысы болып болжанады.

Карта мысалы:

Картаны толтырып болған соң оқушылар дөңгелене отырады және әрқайсысы кезекпен өздері туралы ақпаратпен таныстырады.

«Where are you from?», «What is your hobby?» және т.б. сұрақтарды ағылшын тілінде сұрақ қою және сұрақ құрастыру ережелерін

бекіту үшін қатысушылардың әрқайсысы белсенді қатысуы қажет. Тапсырманы орындап болған соң, карталарды жалпы қабырғаға ілуге болады.

Activity 3. 12.00-12.40

My family.

Answer the questions:

1. Is your family large or small?
2. Are you alone in the family or have you got sisters and brothers?
3. Have you got a younger or older sister\brother?
4. Children, do you help your mother and father? What do you usually do?

Let us repeat the words naming family members (мұғалім отбасы мүшелерін белгілейтін презентацияны сөздерімен алдын-ала дайындап қояды немесе тақтаға жазады). Pupils should repeat correctly the family words.



Now let us watch the video about Family Words

https://www.youtube.com/watch?v=eQaS-p6_63s


And listen to the song about Family

<https://www.youtube.com/watch?v=4p4k-P8Cn4U>

Activity 4.12.50 – 13.30

My family presentation.

1. «Myfamily» және «Familytree» ата-тектік ағашын құрастыру тақырыбындағы лексикалық материалдарды бекіту



Өзінің отбасына алғысын білдіріп «Thankyousomuchthatyouare...» тақырыбында қысқаша шығарма-хат жазу. Хатты әдемі ашық хатқа салып жаздық мектеп аяқталған соң ата-аналарына сыйлауға болады.

Useful words and phrases:

I appreciate your help

I remember how

Your unconditional love

You made me understand

I would like to tell

the sweetest memories

you do everything for my good

Activity 5.

Егер уақыт болса, «Менің отбасым» тақырыбын аяқтау барысында «**101 Dalmatians**» мультфильмін көруге болады.

3-бағдарлама. «Discoverydays» жобасы

Бағдарлама 10 адамнан тұратын екі тілдік топтардың бірлескен жұмысына арналған (топтағы оқушылардың санын қалыптастырғанда олардың шет тілі бойынша үйренген білім деңгейлері ескеріледі).

7-8-сынып оқушыларына арналған. Ағылшын тілінде сөйлеушілердің қатысуына ұсынылған жоба. Бағдарлама көлемі 40 сағатқа арналған.

Бағдарлама-жоба ағылшын тілі мұғалімдерінің ағылшын тілінен сыныпта, Интернет кабинетте күнделікті екі сабақ ұйымдастырып өткізуін жобалайды.

Оқушылар ағылшын тілі бойынша базалық білімдерін берілген тақырып бойынша тереңдетеді және елтану лингвистикалық тақырыптарға презентация жасайды.

Мектепте оқу жылының барысында ағылшын тілін оқуға қызығушылығын, білім сапасын арттыру бойынша жұмыс жүргізіледі, алайда, елтану сипатындағы кейбір тақырыптарды нақтылай оқытуға уақыт жетпеу проблемасы кездеседі. Жазғы тілдік мектеп аясында елтану лингвистикалық ғылыми-практикалық саласын жетілдіруге балаларды тартуға мүмкіндік бар. Ақпараттық қоғам жағдайына өтуге байланысты мәдениаралық қарым-қатынаста тіл табысуға бейімділік пен толеранттық айрықша фактор болып табылады. Бұл елтану лингвистикалық білім берудегі қажеттілікті шарттайды. Аталған жоба барысында оқушылар ағылшын тілінде сөйлеушілермен қарым-қатынас жасау арқылы пән бойынша базалық білімдерін тереңдетеді.

«Discovery Days» жобасының **басты мақсаты** оқушылардың қоғамдық-саяси белсенділігін қалыптастыруға, ағылшын тілінде қарым-қатынас жасау қабілеттерін дамытуға, басқа мәдениетпен қарым-қатынаста толеранттылықты қалыптастыруға, шығармашылық қызығушылықтарын жүзеге асыру үшін лингвистикалық дарынды балаларды біріктіру арқылы және олардың демалысын мағыналы және түрлі формада ұйымдастыруға ықпал ету болып табылады.

Осыған байланысты кешенді мақсат тәрбиелеуге, білім

беруге, оқушылардың жеке басын дамытуға бағытталған, келесі **міндеттер** бойынша нақтыланады:

1. Ынтымақтастық, балаларды табысты әлеуметтендіру, өзара эмоциональдық ахуал жағдайында бірыңғай ұжым құру. Шет тілдерін меңгеру деңгейін көтеру үшін жағдай жасау, яғни, әртүрлі жұмыс формаларын танымдық белсенділіктерін арттыратын, коммуникативті іс-әрекетін белсендендіруді қолдану арқылы түрлі тілдік дағдыларын дамыту (өзара қарым қатынас, студент-тағылымгер, мұғалім).

2. Туған жерге, табиғатқа, әлемге, мәдениетке ұқыппен қарау қарым-қатынасын дамыту.

3. Оқушылардың елтануға кіріспе және басқа мәдениетке деген қызығушылықтары саласындағы танымдық қызығушылығын дамыту.

4. Басқа мәдениет өкілдерімен қарым-қатынаста толеранттылыққа, ағылшын тілін практикада қолдануға деген қажеттілікке, шет тілін оқуға деген саналы дәлелді қарым-қатынасын тәрбиелеу.

Жазғы тілдік мектептің бағдарламасының мазмұны:

1 күн. Жазғы мектептің ашылуы. Мұғалімдермен, студент-тәлімгерлермен танысу. Жобалық жұмыстармен танысу мақсатында тілдік топтарды қалыптастыру.

2 күн. «Қазақстанға қош келдің». Қазақстан туралы презентация.

3 күн. «Англияға қош келдің». Англия туралы презентация.

4 күн. Қазақстан және Англия туралы викторина.

5 күн. Спорт, жарысқа дайындық тақырыптары туралы лексиканы белсендендіру.

6 күн. «Тәні саудың- жаны сау» (ағылшын тілінде ойын және жарыс).

7 күн. Өлкетану мұражайына саяхат.

8 күн. Туған қала тарихына арналған презентация жасау (өлке).

9 күн. «Менің қалам» тақырыбы бойынша лексиканы белсендендіру.

10 күн. «Қаланың көрікті жерлері» презентация дайындау.

11 күн. Қала бойынша саяхат (оқушылар гид ретінде қаланың көрікті жерлері туралы баяндайды).

12 күн. «Білімпаз» конкурсы - қаланың көрікті жерлері мен туған қала тарихына арналған викторина (өлке).

13 күн. «Астана – біздің Отанымыздың астанасы». Презентация дайындау.

14 күн. «Атақты адамдар» тақырыбы туралы лексиканы белсендендіру.

15 күн. «Біздің еліміздің атақты адамдары» тақырыбына эссе жазу.

16 күн. «Лондонның көрікті жерлері». Презентация дайындау.

17 күн. «Тілі оқылатын ел. Англия туралы мен не білемін?» тақырыбындағы конкурс.

18 күн. Қорытынды презентация жасау.

19 күн. Жобаны қорғау.

20 күн. Қорытынды іс-шара. Қорытындысын шығару. Сертификаттарды табыстау. Концерт.

4-бағдарлама.

Бағдарлама 3 аптаға арналған. Жоғары сынып оқушыларына арналған. Ағылшын тілінде сөйлеушілерді тарту ұсынылады.

Өткізу формасы

- Co-teaching әдістемесін пайдалану (ағылшын тілінде сөйлеушілермен қарым-қатынас) / ағылшын тілінде сөйлеуші-оқытушылардың сабақ өткізуі;
- ауызекі ағылшын тілін барлық тақырыптарда қолдану (отбасы, кино, музыка, әуестігі және т.б.);
- бизнес-ағылшынша;
- ағылшын тілінде ойын;
- ағылшын тілінде саяхат жасау (күнделікті, күніне ең азы 2 іс-шара);
- ағылшын тіліндегі шығармаларды театрландырылған қойылым және куыршақ театры көріністері ағылшын тілінде;
- ағылшын тіліндегі фильмдерді көру және талдау;
- ағылшын тіліндегі кітаптарды оқу;
- эссе құрастыруды үйрену, пікірталас жүргізу, көпшілік алдында сөйлеу;
- бағдарламаның нақты мақсаттылығы: тіл академиялық мақсат үшін, емтихан тапсыруға дайындық;
- Типпрограммалар - English Course / IELTS preparation.

Ұсынылатын іс-шаралар:

1. Саяхаттар, шығатын саяхаттар, қызықты адамдармен кездесу.
2. Мәдени іс-шаралар (кинотеатрлар, кітапханалар, театрлар, саябақтар, хайуанаттар бағы).
3. Сауықтыру сабақтары (хауыз, ауадағы ойын).
4. Түрлі конкурстар мен спорт жарыстарын өткізу.
5. Дискотека.
6. Жазғы мектептердің салтанатты ашылуы мен жабылуы.

Жұмыс түрлері:

- тренингтер, практикумдар;
- шығармашылық жобаларды қорғау;
- эссе;
- презентациялар;
- тестілеулер.

Бағалау жүйесі

- Тестілеу: келуі бойынша және бағдарламаны аяқтауы бойынша.
- Апта сайынғы ілгерлеуі - тестілеу.
- Жазғы мектепте ағылшын тілін меңгеру деңгейі көрсетіліп аяқтағаны туралы сертификат.

Тілдік мектептердің бағдарламалық тақырыптары:

- қалай жақсы тыңдаушы болуға болады;
- салауатты өмір салты;

- күйзелістен шыға білу білігі;
- адамның жеке тұлғасына мәдениеттің әсері;
- қоршаған ортаны қалпына келтіру және қорғау әдістері;
- мамандықтар, мамандық таңдау факторлары; кәсіби білікті болу деген не;
- қалай көшбасшы болады;
- кәсіпкерлік, өзінің бизнесін басқару біліктілігі.

Жазғы тілдік мектеп демалыс пен мектеп пәндерін тереңдете меңгеруді және мектеп бағдарламасын қайталауды жобалайды. Оның мақсаты - мектеп бағдарламасы бойынша ақтаңдақтарды толықтыруға, үлгерімін көтеруге, жаңа оқу жылына немесе жоғары оқу орнына түсуге дайындау. Жазғы тілдік мектеп бағдарламасы аясынан шығуға мүмкіндік беруді, оқушыны қызықтыратын тереңдетілген бағдарлама бойынша басқа пәндерді оқуға мүмкіндік береді.

Жазғы тілдік мектепте оқыту құралдары мен әдістемесі

Жазғы тілдік мектеп бағдарламасы келесі әдістемелерді қолдануды қарастырады:

- *көрнекі – түсіндіру*, оқу процесінде мұғалім иллюстрацияларды, яғни, түрлі көрнекіліктерді қолдану, бұл бір жағынан меңгеретін материалды қабылдауды оңайлатады, екінші жағынан – жаңа білімнің дереккөзі ретінде қолданылады. (презентациялар, флеш - анимациялар, оқу және көркем фильмдер); интерактивті құралдар.

- *өнімді әдістер* негізінен мектеп жасындағы балалардың дағдылары мен біліктерін табысты қалыптастыру ретінде қолданылады, алынған білімді нақты қолдануға мүмкіндік береді, оларды берілген үлгі бойынша, бірақ барынша танып айыра алатын жағдайларда қолданады.

- *эвристикалық әдіс* оқушылардың білімді меңгеруінің теориялық негізі шығармашылық, зерттеушілік іс-әрекетін ұйымдастыруға арналған және жеке, бастыға бағынышты іс-әрекет тәсілдерден тұрады. Аталған іс-әрекеттің мақсаты тапсырмалардың шартына талдау жасау, жоспар құру және оның кезеңдерін шешу, болжамдар шешімі, оны тексеру және т.б. Мысалы, эвристикалық әңгіме, бір-бірімен байланысты сұрақтардан тұрады әрқайсысы проблемаларды шешу қадамдарына қызмет жасайды және оқушылардан аздаған ізденісті талап етеді.

- *зерттеушілік әдісі* оқу процесін ғылыми зерттеуге ұқсас түрде ұйымдастыруға жобаланып құрылады, оқушыға түсінікті, қысқа формадағы зерттеу процесінің негізгі кезеңдері іске асырылады: белгісіз дәлелдерді шығару (түсініксіз), зерттеуді қажет ететін (проблема өзегі); проблемаларды нақтылау, тұжырымдау; болжау жасау; зерттеу жоспарын құру; зерттеу жоспарын іске асыру, белгісіз дәлелдерді және басқалармен байланысын зерттеу, жасалған болжамдарды зерттеу; нәтижесін тұжырымдау; алынған жаңа білімнің маңыздылығын бағалау, оны қолдану мүмкіндігі.

Жазғы тілдік мектепте өзге тілдер іс-әрекетін ұйымдастыру ұсыным формалары:

- *клубтар мен үйірмелер формасында* (дебат клубы, тілін үйренетін елдің білімпаздар клубы, поэзияны сүйетін әуесқойлар клубы, ағылшын тілінде КТК, «Matinee» драмалық үйірме және т.б.);

- *кезеңдік жұмыс формасы* (ертеңгіліктер, тақырыптық кештер, концерттер, конкурстар және викториналар, интеллектуалдық ойындар, шет тілдер апталығы, әлеуметтік-шығармашылық (оқу-зерттеушілік) жобалар, қабырға көрнекілік жұмыстары, флешмобтар, шет тіліндегі ток-шоу, пресс-конференциялар, телекөпірлер, фестивалдар, проблемалық-құндылық пікірталастары және т.б.).

Жазғы тілдік мектептердің оқушыларын дайындауға қойылатын талаптар

Тілге оқытудың деңгейлік моделі бірыңғай үздіксіз шет тілінде білім берудің әдіснамалық оқыту платформасы болып табылады, оқыту нәтижесі, оларды бағалау критерийлері, мазмұнына қарай бағдарламалық талаптарды бірыңғайлауға мүмкіндік береді. Деңгейлеп оқытуды жүзеге асыру бірыңғай жүйені саралауға және тілді меңгеруді деңгейлеп бағалау халықаралық стандарты негізіне бағытталады.

Оқушыларды тілдік топтарға бөлуді қалыптастыру ағылшын тілін меңгеру деңгейіне қарай диагностикалау негізінде жүзеге асады. Кіру іріктеу тестілеу арқылы тілді меңгерудің бастапқы деңгейі анықтауға мүмкіндік береді.

Ағылшын тілін меңгерудің деңгейлік талаптары (А1 деңгейі)

1. А1 деңгей мазмұны түсіну білігі мен таныс фразалар мен сөйлемдерді сөйлеуде қолдануды жобалайды. Нақты тапсырмаларды орындауға қажетті: өзін және басқа адамдарды таныстыру, мекенжай, таныстар туралы, егер әңгімеші анық, жай сөйлесе қиын емес әңгімеге араласу, сұрақ қою және сұраққа жауап беру.

2. Коммуникативтік әрекет саласы аясындағы тілдесім қатынас тақырыптары:

Әлеуметтік тұрмыстық қарым-қатынас және әлеуметтік-мәдени:

- тұлғалық мінездемелер (менің визитті карточкам, сыртқы келбетім);
- отбасы әлемі (отбасым, отбасылық жағдайым, туыстық байланыстарым);
- күнделікті қарым-қатынас жағдаяттары (тұрғын үй түрлері, азық-түліктер, әуесқойлық, демалыс күнім, киім және аяқ киім, сатып алу);
- әлемнің геополитикалы бейнесі (Қазақстан мен оқытылатын тілдер елінің географиялық орналасуы, саяхаттар).

3. Тілдік материал

3.1 Фонетикалық материал

- ағылшын тіліндегі барлық дыбыстардың ерекшелігін ести алу және сәйкесінше дыбыстай алу;

- фразалар мен сөздерде дұрыс екпінді сақтау;
- мағыналық топтарға сөйлемдерді мүшелеу;
- әртүрлі типтегі сөйлемдерде дұрыс интонацияны сақтай білу.

3.2 Лексикалық материал

- тілдесім қатынастардың тақырыптары аясындағы продуктивті және рецептивті лексикалық минимум көлемі;

- оқытылатын тілдер елінің мәдениетін көрсететін, сөйлеу барысында қолданып танитын, сөйлеу мәдениетінің реплика - клише, бағалау лексика мен тұрақты сөз тіркестері қамтыған лексикалық бірліктер.

3.3 Грамматикалық материал

- to be етістігі;
- there is/there are құрылымы;
- зат есім: деректі/дерексіз;
- зат есімдердің көпше, жекеше түрлері мен септелуі;

- артикль (a; the);
- есімдіктер;
- сын есімдер (сын есімдердің шырайлары);
- сұраулы сөздер (who, what; which; where; how; etc.);
- етістік (етістіктің шақтары);
- көмекші сөздер (in; at; by; with; of; etc.);
- шылаулар (and; but; if; although).

3.4 Сөйлесім әрекетінің 4 түрі бойынша ағылшын тілін практикалық игеруге талаптар (A1 деңгейі)

Түсіну	Тыңдалым	Күнделікті қарым-қатынас жағдайында жай және айқын естілетін сөздерді қарапайым фразалар мен жеке таныс сөздерді түсіну
	Оқылым	Каталогтар немесе плакаттардағы таныс сөздерді, сонымен қатар хабарландырулардағы жай сөйлемдерді түсіну
Айтылым	Сұхбат	Егер сұхбаттас адам пікірін баяу қарқынмен немесе оны өз сөзімен айтып берсе, сұхбатқа қатысу. Қарапайым сұрақтар қоя білу және қызықтыратын немесе белгілі тақырып аясында оған жауап беру.
	Монолог	Қарапайым фразалар және сөйлемдерді қолдана білу, тұрғылықты жері мен таныс адамдар туралы әңгімелеу.
Жазылым	Жазу	Қарапайым ашық хаттарды жаза білу (мәселен, мерекемен құттықтау), формулярларды толтыру, қонақ үйдегі тіркеу парағына мекен-жайын, ұлтын, өз тегін енгізу

Ағылшын тілін үйрену деңгейіне талаптар (A2 деңгейі)

1. A2 деңгейінің мазмұны таныс немесе тұрмыстық тақырыптағы ақпараттармен қарапайым алмасуына байланысты жиі кездесетін сөздер мен жеке сөйлемдерді түсіне білу, күнделікті өмірдегі негізгі аспектілерді сипаттау, өзі, туыстары және таныстары туралы әңгімелей білуін ұсынады.

2. Коммуникативтік әрекет саласы аясында тілдесім қатынасының тақырыптары

Білім беру қатынасының саласы:

- білім беру жүйесі (менің мектебім, менің сыныбым, оқу пәндері);
- білім алушылардың социомәдени портреті (күн тәртібі, мектеп өмірі).

3. Тілдік материал

3.1 Фонетикалық материал

